

«18» 08 2025ж
(күні, айы, жылы)
№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің
перспективалық жоспары
«Қарлығаш» аралас (3-4 жас) тобы**

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған қазақ тілі ұйымдастырылған іс - әрекеттің перспективалық жоспары

«Қарлығаш» аралас тобы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері	
	3 жас	4 жас
Қыркүйек айы 2025ж	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттар атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке сөздерді ажыратуды үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппараттын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жүктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету.</p>

<p>Қазан айы 2025ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге ,ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға»,«апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуды,оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балалардың өздеріне айтылған сөзді,пікірді түсінуін қалыптастыру.</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға,әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.</p>
<p>Қараша айы 2026ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә,ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт). Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып,еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Өзінің отбасы,отбасылық мерекелер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай,жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Бір-біріне неге,не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтар қоюға мүмкіндік беру.</p>
<p>Желтоқсан айы 2026ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға</p>

	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың(жемістердің) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p>	<p>баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларымен таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Бір-бірімен еркін диалог құруға ,еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Қаңтар айы 2026ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ү,ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың(жануарлардың) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу.</p>
<p>Ақпан айы 2026ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппараттың,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p>

	<p>(бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту: балалардың өздеріне айтылған сөзді түсінуін қалыптастыру.</p>	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.</p>
<p>Наурыз айы 2026ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.</p> <p>Сөздік қоры. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту: балалардың өздеріне айтылған пікірді түсінуін қалыптастыру.</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулуды жалғастыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамытуды жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>
<p>Сәуір айы 2026ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры. Тақпақтарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулуды жалғастыру (бар, кел, айт)</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйретуді</p>

	<p>Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>	<p>жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Мамыр айы 2026ж</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруге сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>